

Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 1 және 4-тармақтарын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 2001 жылғы 8 маусым N 8. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - әділет вице-министрі А.Н. Котловтың;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және мәжілісінің депутаттары Ф.И.Добрышин мен Ж.Н.Әбдиевтің қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 61-бабының 1 және 4-тармақтарын ресми түсіндіру жөніндегі өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Кеңес мүшесі В.Д.Шопинді және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 10 мамырда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 1 және 4-тармақтарын ресми түсіндіру жөніндегі өтініші келіп түсті.

Өтініш субъектісі, аталған конституциялық нормаларды ресми түсіндірумен қатар, келесі сұрақтарға жауап беруді өтінеді:

1) Үкімет және Парламент депутаттары Мәжіліске енгізген заң жобаларына Парламент Палаталары өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар ма;

2) егер Парламент депутаттары мұндай құқыққа ие болса, онда түзетулер қандай көлемде енгізілуі мүмкін және олар қаншалықты елеулі бола алады; бұл түзетулерді жаңа заң шығару бастамасынан қалай шектеуге болады?

Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 1 және 4-тармақтарын ресми түсіндіру кезінде Конституциялық Кеңес мынаны ескереді.

Конституцияның 61-бабы 1-тармағында, заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне

беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады, деп белгіленген. Бұл тармақтың конституциялық нормаларын, заңның жобасын Республика Парламентінің қарауына Сенаттың, Мәжілістің депутаттары және Республика Үкіметі енгізе алады, деп түсіну ләзім. "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңның Z952529_ 15-бабы 1-тармағында заң шығару бастамашылығы құқығы, субъектінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі, деп айқындалады.

Заң шығару бастамасының тек қана Мәжілісте іске асырылуы, Конституцияның K951000_ 56-бабы 1) тармақшасына сай, заң жобасын қарауға қабылдау Парламенттің тек осы Палатасының қарауына жатқызылғанын және Сенаттың оны жүзеге асыра алмайтынын білдіреді. Заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру тәртібі жоғарыда аталған Конституциялық заңмен және Мәжілістің Регламентімен белгіленеді. Заң жобасы Мәжілістің пленарлық отырысында оның депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қарау үшін Палата отырысының күн тәртібіне енгізілуі не оның үстінен жұмысты жалғастыру үшін Палата комитетіне (комитеттеріне) жіберілуі, немесе қабылдамау негіздері дәлелдене отырып, заң шығару бастамасы субъектісіне қ а й т а р ы л у ы м ү м к і н .

Заң жобасын Мәжілісте қарау кезінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Мұндай тұжырым, Парламент пен оның Палаталарының заң шығару функциясын жүзеге асыру жөніндегі мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін Конституция нормаларынан, сондай-ақ әрбір депутаттың, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Z952529_ Конституциялық заңның 25-бабы 10) тармақшасымен белгіленген, заң жобаларына түзетулер енгізуге құқығынан келіп шығады. Одан тыс, "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z970101_ 29-бабы 6) тармақшасы, енгізілген заң жобаларының мәтінін өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша ұсыныстар дайындауды Палаталардың тұрақты комитеттерінің өкілеттігіне қосады. Демек, заң жобасын Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлдау (Конституцияның 61-бабы 4-тармағы), олардың бастама жасалған заң жобасымен ғана емес, қарау процесінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен де к е л і с е т і н і н б і л д і р е д і .

Конституцияның 61-бабы 4-тармағы заң шығару процесінің Мәжіліс заң жобасын мақұлдағаннан кейін келетін кезеңін регламенттейді. Сенатқа берілген заң жобасы алпыс күннен аспайтын мерзімде қаралады, және Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ол қабылданған жағдайда заңға айналып, он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Осы тармақпен заң жобасын

қабылдамау рәсімі де көзделген, бұл орайда, Сенат қайта қабылдамаған кезде оны осы сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды, деп белгіленген.

Конституцияның 61-бабы 5-тармағына сай, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына Сенат өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хақылы. Сенат ұсынған түзетулерді келісу тәртібі Конституцияның, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық Z952529_ заңның нормаларымен, Парламенттің, Сенаттың және Мәжілістің регламенттерімен белгіленген. Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі а р қ ы л ы ш е ш і л е д і .

Конституция нормалары және Парламенттегі заң шығару процесін регламенттейтін заң актілері, қаралып отырған заң жобасына Палаталар енгізетін түзетулердің көлемі мен шектерін белгілемейді. Конституция (61-баптың 6-тармағы), заңдардың жобасы мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін жағдайда ғана Республика Үкіметінің оң қорытындысын алу қажеттігі туралы талапты белгілейді. Бұл конституциялық қағида заң жобасын Мәжіліске енгізу кезеңін де, оны Парламент Палаталарында қ а р а у п р о ц е с і н д е қ а м т и д ы .

Заң шығару бастамасы субъектілері ретінде Үкімет және Парламент депутаттары, өздері енгізген заң жобасының қағидаларын жұмыс топтарында, тұрақты комитеттерде, Палаталардың пленарлық отырыстарында қарау кезінде қ о р ғ а й а л а д ы .

Егер заң шығару бастамасы субъектісі, депутаттардың (Палаталардың) өзгерістер мен толықтырулар енгізуі нәтижесінде заң жобасының тұжырымдамасы және өзге де айтарлықтай сипаттамалары өзгереді деген тұжырымға келетін болса, онда ол енгізілген жобаны қараудың кез келген кезеңінде кері шақырып алуға хақылы. Оның мұндай құқығы Сенат пен Мәжілістің р е г л а м е н т т е р і м е н б е к і т і л г е н .

Конституцияның 61-бабы 7-тармағымен, Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоюға хақылы деп көзделген. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс Конституциямен белгіленген қажетті дауыс санын ала алмаған ретте, заң жобасы дауысқа салынбай қ а б ы л д а н д ы д е п е с е п т е л е д і .

Осылайша, Конституцияның және Республика заңдарының нормалары, заң шығару функциясын жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган ретінде Парламентке де, заң жобаларының бастамашылары - Үкімет пен депутаттарға да, заң шығару процесінде өзара келісіп іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін жеткілікті өкілеттік береді. Сонымен бірге, заң шығарушы орган ретінде Парламент заңдарды өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде көпшілік

дауыспен, ал Конституциямен көзделген реттерде - әр Палата депутаттары жалпы санының айқындалған көпшілік даусымен қабылдайды. Қабылданған заңдар, Конституцияның 45-бабы 3-тармағына сай, олардың заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасының Төрағаларының алдын ала қолдары қойылып тиянақталады.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының U952737_ 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 1-тармағының нормаларын, Қазақстан Республикасының Парламентіне заң жобасын енгізу құқығы Парламент депутаттары мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғана берілген, және бұл құқық тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады, деп түсіну ләзім .

2. Республика Конституциясының 61-бабы 4-тармағының нормаларын, өтініш мәселесіне қатысты қолданыста, Мәжілістің заң жобасын қарауы мен мақұлдауы, оны Сенатқа беру үшін дайын деп тануын білдіреді, деп түсіну ләзім. Заң жобасын Мәжілістің, содан кейін Сенаттың пленарлық отырыстарында қарау кезінде, оған тұрақты комитеттер мен әр Палата депутаттары ұсынған, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Парламенттегі заң шығару процесін регламенттейтін Конституция нормалары, қаралып отырған заң жобасына Палаталар енгізетін түзетулердің көлемі мен шектерін белгілемейді.

Парламент Мәжілісі мен Сенатының, сондай-ақ заң жобасының бастамашысы мен Палаталардың арасындағы келіспеушілік, Конституцияның, Республика заңдарының нормаларымен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен көзделген келісу рәсімі арқылы шешіледі.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағымен көзделген ретті ескеріп , түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК